

**Амангелдиева Гүлмираның «6D050400 – Журналистика» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі жаңа парадигмалары:
дигитализация, генерация және конвергенция
(Шетелдік тәжірибе және Қазақстан)
АҢДАТПАСЫ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. ХХІ ғасыр – техникалық прогресс уақыты. Бұл – баспасөз, радио, телевизиямен қатар, онлайн хабар тарату, интернет желісі үлкен танымалдылыққа ие болған кезең. Интернет өз мүмкіндіктері және жеделдігімен, көрнекілігімен, қолжетімділігімен дәстүрлі БАҚ-тан анағұрлым алда. Зерттеу жұмысының өзектілігі де – интернеттің жылдамдығымен дәстүрлі журналистиканың қатар жүруі, даму жолындағы кедергілерді жеңу процесінің қалай өрбіп жатқандығын анықтау. Интернет дәстүрлі БАҚ-тың келбетін түгелдей өзгертеді деген қауіп бар.

2010 жылдары желіге көшу дәстүрлі БАҚ-қа жаңа технологиялық және коммуникациялық мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік берді. Баспа басылымы беттеуде, журналистік мәтіндердің толық сақталуымен, басылым нөмірін құру логикасында және оның жеке бөліктерін (мәтіндерді, айдарларды) емес, бүкіл шығарылым бағытында өзгерістерге ұшырап жатыр. Баспасөзді баспа нұсқасынан электронды нұсқаға ауыстырған кезде екі міндетті өзгеріс болды. Оның біріншісі – типологиялық өзгеріс: мұнда басылым өзгереді, яғни бұл баспа өнімі емес, жаңа коммуникативті функциялар (форумдар мен блогтардағы пікірталастар, оқырманмен кері байланыс), екіншісі – технологиялық бақылау, мұнда электрондық нұсқаны оқу және желілік ресурстарды пайдаланудың минималды дағдыларын алу үшін арнайы жабдықты (планшет, смартфон) пайдалану қажеттілігі туындауда.

БАҚ-тың интернет нұсқасы оның дәстүрлі түрі мен пішінінен өзгеріске ұшырауда. Қазіргі қоғамда ғаламторға кіру арқылы отандық басылымдар толығымен жоғалып кетуі мүмкін деген пікірлерді жиі естуге болады. Бірақ бұл мәселе даулы, өйткені еліміздің барлық аймақтарында интернетті қолдану мүмкіндігі аз және шалғайдағы аймақтардың тұрғындары интернет кеңістігіндегі проблемаларды бастан кешіруде. Интернет нұсқаларымен жұмыс істеу белгілі бір дағдыларды қажет етеді, оны бәрі бірдей игеруге дайын емес. Конвергентті БАҚ болудың оңтайлы тәсілдері қабылданғанымен, салалық журналистиканың маман жағынан осалдығы, ІТ мамандығын меңгерген журналистердің тапшылығы сияқты мәселелер шешілмей, отандық БАҚ-тың дамыған елдердің медиасымен терезесі тең түсетіндігіне болжау айту қиын. Дәстүрлі БАҚ-тың интернет нұсқаға көшудегі әдіс-тәсілдері нақтыланып, конвергентті журналистиканың жаңашылдығы, цифрлы форматтың виртуалды өмірдегі иммерсивті фото, бейне өнімдерін жариялаудағы мүмкіндіктері жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жаһандық даму барысында өзгеріске ұшырап отырған бұқаралық ақпарат құралдарының дәстүрлі үрдістен

интернет медиаға көшудегі алғышарттарын, генезисін, сандық дәуірдің жаңашылдығын, конвергентті журналистиканың даму эволюциясын анықтау. Медиа кеңістіктегі онлайн БАҚ-тың сандық журналистикаға бейімделу процесін саралау, аудиторияға ықпалын, икемделуін сипаттау әрі конвергенцияның сипатын сараптау. Сандық журналистиканың даму шеңберінде пайда болып жатқан тың тақырыптар мен жаңа салалық журналистиканың теориялық мәнін ашу. Жаңа терминдерге түсініктемелер беріп, ғылыми негізде талдап, сараптау.

Зерттеу нысаны: Дәстүрлі БАҚ-тың соңғы 20 жылдықта өзгеріске ұшырауы, жаңа сатыға көшу жолындағы экономикалық және саяси мәселелерін талқылау зерттеу жұмысының негізгі нысаны болды. Зерттеу нысаны ретінде арнайы «studentmedia» сайты мен инстаграмда «іmanі__gul» парақшасы ашылып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, дәстүрлі медианың даму тенденциясы мен болашағы, жаһандану кезеңіндегі цифрлы журналистиканың рөлі, конвергентті БАҚ-тың құралдары да нысанға алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Ұсынылып отырған жұмыстың ғылыми жаңалығы төмендегідей:

- дәстүрлі БАҚ-тың цифрландыруға көшудегі қоғамдық формация жағдайындағы ақпараттық қызметі алғаш рет жинақтала тұжырымдалды. Дәстүрлі БАҚ-тың интернет медиаға көшу процесінің хронологиясы жасалды.

- диссертациялық жұмыс барысында ашылып, зерттелген сайт пен желідегі парақша негізінде конвергентті онлайн газетті бір автордың жеке жүргізуіне толық мүмкіндік барлығына нақты дәлелдер келтірілді. Маркетинг тұрғысынан онлайн газеттер конвергентті газет бола алатынына толық негіз барлығы айқындалды;

- журналистиканың шығармашылық тұрғыдағы тың әдістері – сторителлинг, мобильді журналистика, робот-журналистика және рюкзак журналистикаға теориялық тұрғыда алғаш рет талдау жасалып, тұжырымдар жасалды, қолданылу аясы ұсынылды;

- мультимедиа мен конвергентті журналистиканың әртүрлі ұғым екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденді;

- конвергентті БАҚ пен визуалды журналистиканың шығармашылық бағыттарын дамыту және жетілдіру әдістері сарапталды;

- мобильді журналистикаға, аудио-бейне өнімдерге тиімді болатын сервистерге мониторинг жасалып, цифрлы журналистиканың қарқынды дамуына пәрменді технологиялар ұсынылды;

- қолданыста жүрген «горячие точки» тіркесін «мобильді журналист» терминімен алмастыру ұсынылды. Бұл термин журналистиканың жаңа саласын ашуға, қолданыста үлкен жетістікке жеткізе алады.

Зерттеу жұмысының міндеттері: Зерттеу жұмысының мақсаты негізінде докторлық диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұтастығына мән беріліп, келесі міндеттер алға қойылды:

- дәстүрлі БАҚ-тың интернет медиаға көшу хронологиясын ғылыми тұрғыда жүйелеу;

- отандық интернет-БАҚ-тың динамикалық өсуін анықтай отырып, дамуын зерделеу; бүгінгі журналистиканың онлайн журналистикамен сабақтастығының өзектілігін салмақтау;

- БАҚ-тың сайттағы нұсқасы мен желідегі журналистиканың даму тенденциясын тәжірибелік тұрғыда зерттеу, сараптау, арнайы сайт ашып, интернет журналистиканың «ішіне» үңілу, контент, рухани-материалдық құндылықтарын анықтау, сайт маркетингі мен ұйымдастыру жұмыстарын зерттеу;

- сандық журналистиканың эволюциясын шетел тәжірибесі негізінде салыстыра зерттеу, жаңа технологиялардың, мобильді сервистердің тиімділігін анықтау;

- сторителлинг ұғымын ашу, жанрлық, пішіндік ұқсастықтары мен ерекшелігін айқындау;

- робот-журналистиканың қоғамға, жалпы әлемдік БАҚ-қа әсерін айқындау, болашағын зерделеу, шетелдік БАҚ-тағы даму үрдісіне сараптама жасау;

- мобильді журналистика мен рюкзак журналистиканың қажеттілігін, эстетикалық құндылығын, контент трансформациясына тигізер әсерін, ықпалын айқындау.

Зерттеудің жетекші идеясы: Отандық дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының интернетке өту жолында сандық технологияларды меңгеру туындаған проблемаларын шешу жолдарын ұсыну, конвергентті журналистика тудырған жаңа салалардың қажеттілігі күн санап артып отырғандығы, жаңа терминдердің қолданысқа етене енуінде ұлттық құндылыққа мән беру қажеттігі, шетелдік онлайн БАҚ-пен даму сатымызды кеңейтуде насихатталып жүрген рухани құндылықтарымыздың елге қызмет етуіне септігін тигізетіні жетекші идея ретінде ұсынылды.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні: Диссертацияда көрсетілген жүйеленген деректемелер, ұсыныстар мен қорытындылар, сандық медиадағы сұрыпталған, кешенді түрде зерттелген материалдар бұл еңбекті ғылыми материалдарда, қоғамдық-саяси басылымдарға дереккөз ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Болашақта осы саланы зерттеушілер үшін ғылыми зерттеуде келтірілген терминологиялар, теориялық тұжырымдар, ұғымдар мен сараптамалық материалдар қолданыс құралы ретінде сүйенуіне тірек бола алады. Цифрландыру, конвергенция саласын зерттеуші мамандар мен сарапшыларға, журналистика мамандығын игерушілер мен оқытушыларға нұсқаулық бола алады. Сонымен қатар, журналистика пәнін оқытуда сандық журналистика, конвергентті журналистика саласындағы пәндерге қосымша материал ретінде енгізуге болады.

Зерттеу жұмысының әдістері: Зерттеу барысында тарихи деректерді саралау, теориялық зерттеу, ресми құжаттарды сұрыптау, әдебиеттер тізімі мен дәйеккөздерін іріктеу, статистикалық құжаттарды өңдеу, сайт және желіде арнайы парақша ашып, оны жүргізу және зерттеу жүргізілді. Сайт жұмысы және осы зерттеу жұмысын жазу барысында контент сараптама, мониторинг жасау, типологиялық салыстыру және жүйелі талдау әдісі қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Дәстүрлі БАҚ интернет медианың нарық саласында қауқарлы екенін түсінді. Түгелдей онлайн форматқа көшуге дағдыланған баспа газет-журналдары мен аналогтық хабар тарататын телерадиоканалдар бүгінде медиа саласында өз өрістерін кеңейтті. Республикалық, аймақтық БАҚ халықаралық деңгейдегі ақпарат алаңына шықты. Онлайн БАҚ республика және шетелдік нарықта бәсекеге қабілетті.

2. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарының сандық үдеріске көшуінен ақпарат беру пішіні өзгеріске ұшырап, оны жеткізудің жаңа әдістері пайда болуда. Диссертацияны жазу барысында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер журналистиканың сандық пішінге көшу барысында соңғы технологияларды меңгеруде бірізділікті ұстану қажеттілігі туындап отырғандығын көрсетті. Шетелдік нарықта бәсекеге қабілетті десек те, отандық телевизиялық және баспа БАҚ онлайн нұсқада ақпарат таратудың ұтымды тұстарын меңгеруі тиіс.

3. Сандық журналистиканың қарқынды дамуы журналистикаға жаңа бағыттарды әкелуде. Бүгінгі бұқаралық коммуникация интернет коммуникация мен ақпараттық компьютерлік технологияларды интеграциялауға көшті. Цифрлық бейнеге көшкен медиа аудиториясының байланысын жаңарту, масс-медианың күнделікті өзгеріске ұшырауына төзімділігі мен қабылдауын бағамдау қажет. Сандық пішін ақпаратты графикалық суреттермен, кескіндемелермен ақпарат беруде. Мәтіннің символға айналған бетбұрысы контенттің трансформациялануына алып келуде. Осы тұста медиабайланыс мәселесіне назар аудару қажеттілігі туындайды. Сандық журналистика болашақта әлемдік медианы бір жүйеге біріктіреді.

4. Конвергентті БАҚ медианың қарқынды дамуына, ақпараттың жылдамдығына үлкен әсер етуде. Ғаламтордағы мазмұнды таратуда, қоғамдық пікір алмасуда мультимедиалық журналистиканың ықпалы артты. Осы ретте жалған ақпаратпен күрес (фактчекинг), сандық деректерді ұтымды әдіспен жеткізу (робот журналистика), «ыстық нүктеден» ақпарат тарату (сөмке журналистика) секілді бірнеше жаңа ұғымдар келуде. Бұл, өз кезегінде суреттер, бейне және аудиожазбалар, графикалық иллюстрациялармен ақпаратты көркем жеткізуге әсер етті. Контентте тиімді құралдарды пайдалану мүмкіндігі онлайн БАҚ-тың интерактивтілігін көрсетеді.

5. Сторителлинг – әңгіме жанрының жаңарған түрі, мобильді журналистика – ақпараттың қысқа әрі жедел қолжетімділігі, робот журналистика – тарихи деректерді бірізділікпен жеткізу. Цифрлық журналистиканың технологияларын ұтымды пайдалану желілік журналистика мен мобильді журналистиканың даму аясын кеңейтті. Цифрлық сауаттылық конвергентті журналистиканың кең қанат жаюына негіз болды, журналистиканың дамуына, әлемдік нарықтағы сұранысқа ие болуына жол ашып отыр.

Ізденушінің қосқан жеке үлесі: Зерттеу жұмысының негізіне автордың зерттеу материалдары мен жүргізген тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері («studentveda» сайты мен инстаграмда «imani_gul» парақшасы) пайдаланылып, назарға алынды. Зерттеудің алынған нәтижелері онлайн

бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясатын жақсарту мүддесінде қолдануға негізделген. Зерттеу барысында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер мен сайт жұмысын басқару, ұйымдастыру үрдісі цифрлы журналистика, әлеуметтік журналистика, сторителлинг, мобильді журналистика, narrative sciences, визуалды және мультимедиалық журналистика туралы ақпараттар жинағанда, сандық журналистиканың проблемалары, конвергентті журналистиканың бұқаралық коммуникациядағы рөлі туралы курстар өткізгенде, осы тақырып төңірегінде ғылыми мақалалар дайындауда, теориялық курстарды құрастыруда және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады. Сонымен қатар таңдау пәндері ретінде оқу бағдарламасына енгізуге, бакалавр мен магистратурада осы курсты оқыту үшін оқу-әдістемелік кешен жасауға көмектеседі.

Жарияланымдар:

Зерттеу тақырыбы бойынша 10 жұмыс жарияланған, соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 4 мақала ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған, 4 баяндама халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда талқыланды, соның ішінде 2 мақала шетелдік конференцияда жарияланды. Республикалық конференцияда – 2, республикалық әдеби-қоғамдық журналдарда 1 мақала жарияланды.